Бекітемін
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МККҚ
басшысы
_____ Дауешова С.М.
«18» 04 2025 ж

КӘСІПТІК СЫНЫП
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын анықтау және диагностика жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 692 бұйрығына, «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына, «Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 190 бұйрығына, Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге арналған Астана қаласы әкімдігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес құрастырылған.

1.2. Кәсіптік бағдар беру - білім алушылардың бойында ішкі қажеттілікті және саналы түрде мамандық таңдауға дайындығын дамытуға бағытталған мақсатты іс-әрекет. Кәсіптік бағдар беру жұмысы әр оқушының мамандық таңдауына және студенттердің бойында әмбебап қасиеттердің қалыптасуына ықпал етіп, олардың саналы, өз бетінше кәсіби таңдау жасауға, таңдауына жауапкершілікпен қарауына, кәсіби мобильді болуына мүмкіндік береді.

1.3. Кәсіптік бағдар беру қызметінің объектісі білім алушылардың әлеуметтік және кәсіби өзін - өзі анықтау процесі болып табылады.

1.4. Мектептер, колледждер және университеттер арасындағы табысты өзара іс-әрекет үшін келесі бағыттарды таңдаған мектептердің 8-11-сынып білім алушылары үшін кәсіптік сыныптардың Бағдарламасы мен тақырыптық жоспары жасалады: сервистік, дизайн, тігін өндірісі, медициналық, педагогикалық, IT.

II. КӘСІПТІК СЫНЫПТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ШАРТТАРЫ

2.1. Кәсіптік білім беруге мектептер мен колледждердің педагогтері, ЖОО-ның ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, әлеуметтік әріптестер тартылуы мүмкін.

2.2. Оқыту процесі теориялық дайындықтан, практикалық дағдыларды пысықтаудан, өз өнімін жасаудан тұрады.

2.3. Мақсаты:

- мақсатты кәсіптік бағдарлауды және таңдалған мамандыққа тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

Міндеттері:

- жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру;
- мамандық таңдауда ерте кәсіптік бағдарлау;
- өзін-өзі іске асыру және әлеуметтік-еңбекке бейімделу мүмкіндігін беру;
- жастар арасында жұмысшы кәсіптерінің имиджін ілгерілету.

Кәсіптік сыныптарда оқыту қағидаттары:

- жүйелілік: әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл және мектептің білім және тәрбие кеңістігін кеңейту;
- ғылыми: білім беру ресурстары мен оқыту технологияларын іріктеу кезінде құзыретті және сенімді көздерді пайдалану;
- қазіргі заманғы: оқытуда жұмыс берушілердің сұраныстарына тиімді бейімделуге мүмкіндік беретін өндірістің прогрессивті технологияларын пайдалану;
- өнімділік: шеберлік сыныптарына, олимпиадаларға, кәсіби сынақтарға қатысу кезінде нақты нәтиже алу және soft skills, digital skills, көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру;
- гуманистік бағыттылық: жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, командада жұмыс істеу, басқа адамдарды түсіну және олардың жеке және кәсіби мүдделерін ескеру дағдыларын дамыту.

III. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

3.1. Білім алушылар үшін:

- білім алушыларды жұмыс мамандығын алуға бағдарлау;
- таңдалған бағыт бойынша қарапайым кәсіби дағдыларды қалыптастыру;
- әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілікті дамыту, кәсіптер әлемі туралы түсініктерді кеңейту;
- Еңбек адамына адамгершілік қарым-қатынасты тәрбиелеу;
- Астана қаласының ТжКБ ұйымдары және ЖОО-лары және кәсіптік оқытудың ерекшеліктері туралы шынайы акпарат алу;

болашақ түлектердің эмоциялық интеллектісі мен икемді дағдыларын дамыту.

3.2. *Орта білім беру ұйымдары үшін:*

- кәсіптік бағдарлау және кәсіпке қабілеттілігін көрсету үшін жағдай жасау;
- кәсіптік қызметке бағдарланған түлектерді даярлау;

- ата-аналар қоғамдастығы мен әлеуметтік әріптестер арасындағы білім беру (гейлерінің әріптестіктігіні дамыту;

3.3. *Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен ЖОО үшін:*

- кәсіп алу үшін мектеп білім алушылары арасында кәсіптік бағдарлауды ндандыру;

-колледждер мен жоғары оқу орындарына кәсіптік бағдарланған лапкерлерді тарту аркылы кәсіптік білім беру сапасын арттыру;

- жұмысшы кәсіптері бойынша мамандармен қамтамасыз ету;

- колледж педагогтері мен ЖОО-ның ғылыми-педагогикалық ызметкерлерінің білім алушылар мен педагогикалық шеберлігін арттыру.

IV. КӘСІПТІК СЫНЫПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ ТЕТІГІ

4.1. Кәсіптік сыныптардың қызмет ету бойынша кезеңдері:

1. кәсіптік сынып туралы ережені әзірлеу;
2. колледждерге мектептерде кәсіптік сыныптар бекітіледі;
3. кәсіптік сыныптарға білім алушыларды тіркеуді мектеп ұйымдастырады;
4. кәсіптік сыныпта білім алушылардың тізімі мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі;
5. колледждер мен ЖОО кәсіптік сыныпта білім беру процесін білікті педагог кадрлармен қамтамасыз етеді;
6. мектеп кәсіптік сыныптың сапалы жұмыс істеуі үшін қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
7. кәсіптік сыныптардың қызметі туралы бұйрықты Астана қаласы Білім басқармасының басшысы мектеп пен колледждердің жауапты адамдарын көрсете отырып шығарады.

4.2. Кәсіптік сыныпта оқытудың тақырыптық жоспары 24 академиялық сағат есебімен бір оқу жылына жасалады. Тақырыптық жоспар мектеппен бірлесіп жасалады және оны колледж басшысы бекітеді.

4.3. Тақырыптық жоспарда білім алушыларды таңдаған бейініне сәйкес кәсіптік даярлауға дейінгі тиімді әдістемелер пайдаланылуы тиіс.

Педагогтердің аталған жұмыс аясында түрлі сабақтар, шеберлік сыныптар, көшпелі тренингтер, әлеуметтік серіктестер базасына экскурсиялар, мұражайлар мен театрларға бару формалары қолданылуы мүмкін.